

АЛЛЕРГОЗДАР

Аллергия — (көне грекше: ἄλλος-басқаша, ergon-әрекет, жауап) — организмнің иммундық жауабының үлгісі, ол әр түрлі құрамдағы бөгде заттарға ағзаның жоғарғы ерекше сезімталдығының дамуынан пайда болады.

Аллергияны туындататын заттарды аллергендер дейді.




Этиологиясы

Өсер ететін факторлар:

1. Тұқым қуалаушылық
2. Жүре пайда болған аллергия
3. Салауатсыз өмір салты

4. Шығу тегі бойынша:
 - Үй-шаруашылығы (шаң — тозаңдар, мақта)
 - Эпидермалды (эпителий, мамық, жүн, қайызғақ)
 - Химиялық заттар (лақ, бояу, еріткіштер, косметика бензин резина.)
 - Дәрілік аллергиялар (антибиотиктер, сульфаниламидті препараттар, вакциналар)
 - Тағамдық (жұмыртқа, балық, шоколад және т.б.)

1. Ағзаға ену механизміне байланысты:
 - Парентералды (қан арқылы)
 - Қатынасты (тері арқылы)
 - Ингаляторлы (тыныс алу)
 - Алиментарлы (ЖКТ арқылы)





ДӘРІЛІК АЛЛЕРГИЯ

- ❖ Дәрілік аллергия - себептері әртүрлі дәрілердің кері әсерінен пайда болатын аллергиялық ауру.

ПОЛЛИНОЗ

- ❖ Поллиноз - (лат. Pollen – өсімдік пен шаң-тозаң, Osis- ауру.) - жоғарғы тыныс жолдары мен көздің шырышты қабығына өсімдік тозаңының түсуінен пайда болатын аллергиялық ауру.



Патогенезі

- **Аллерген** - организмге алғаш рет түскенде иммундық жүйелерге әсер етіп, оның сол аллергенге сезімталдығын көтереді. Кейін бұл аллергеннің қайталап түсуі салдарынан аллергиялық ауру пайда болады.
- **Аллергиялық** аурулардың патогенезінде аллергиялық қабыну негізгі рөл атқарады.



Жіктелуі

Аллегиялық аурулар 2-ге бөлінеді:

Бірден дамидын аллергиялық серпілістер - бұл организмнің сезімталдығын көтерген аллерген организмге қайталап түскеннен кейін бірнеше минуттың ішінде байқалады және иммундық глобулиндер (антиденелер) қатысатын организмнің сұйықтық (гуморалдық) жүйесі арқылы дамиды деп есептеледі

Біртіндеп дамидын аллергиялық серпілістер – сезімталдығы көтерілген Т-лимфоциттер қатысатын, организмнің жасушалық иммундық жүйесі арқылы дамиды және аллерген организмге қайталап түскеннен кейін 24—48 сағат өткен соң байқалады деп есептеледі.

Клиникасы

БЕЛГІЛЕРІ:

- Дененің дуылдап кышуы
- Қызаруы, ісіну
- Бөртпелер пайда болуы
- Түшкіру
- Аяқ асты жөтел
- Мурыннан су ағуы
- Көзінен жастың ағуы
- Мазасыздық
- Бас ауыруы
- Әлсіздік
- Ұйқысының бұзылуы



Емі

- Гипоаллергиялық диета.
- Патогенетилық емдеу дәрілері. Бұл ем аллергиялық қабынудың көптеген патогенетикалық механизмдерінің біріне әсер етумен жүргізіледі.
- Антимедиаторлық әсерлі дәрілер.
- Иммунотерапия. Гипосенсибилизация — аллергияларды кіргізіп жоғарғы сезімталдықты төмендетеді. Оны десенсибилизация дейді. Толық десенсибилизацияға жету қиын, сондықтан гипосенсибилизация емі деп атайды, сенсибилизация беретін аллергиялардың мөлшерін біртіндеп көбейтіп төзімділік беретін мөлшеріне дейін көтеріп емдейді.



Асқынуы

- Анафилактикалық шок
- Есекжем
- Квинке ісі
- Жабысқақ тері